

«Мемлекеттік аннуитеттік  
компания» ӨСК» АҚ

MEMLEKETTİK  
ANNUITETTİK KOMPANIA



ГОСУДАРСТВЕННАЯ  
АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ

АО «КСЖ «Государственная  
аннуитетная компания»

**«Мемлекеттік аннуитеттік  
компания» өмірді сақтандыру  
компаниясы» акционерлік қоғамы  
Директорлар кеңесінің**

\_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_ №  
шешімімен бекітілген

**«МЕМЛЕКЕТТІК АННУИТЕТТІК КОМПАНИЯ» ӨМІРДІ  
САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ-да  
ЕРІКТІ АННУИТЕТТІК САҚТАНДЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫ**

**РӘС МАК 732**

**Нұр-Сұлтан қ., 2019 ж.**



|                                                                                   |                                                                      |                      |                  |
|-----------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------|----------------------|------------------|
|  | "Мемлекеттік аннуитеттік компания" Өмірді сақтандыру компаниясы "АҚ" | Күні: «    » 2019 ж. | Басылым: бірінші |
|                                                                                   | Ерікті аннуитеттік сақтандыру ережелері                              | ЕРЕЖЕ МАК 732        | Бет 3 из 8       |

6) **Сақтандыру жарнасы** – сақтандыру сыйлықақысы мерзімді төлемдер түрінде бөліп-бөліп төленген жағдайда сақтанушы сақтандырушыға сақтандыру шартында белгіленген мерзімдерде төлеуге тиіс сақтандыру сыйлықақысының бөлігі;

7) **Сақтандыру төлемі** – сақтандырушы пайда алушыға сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде жүзеге асыратын мерзімді сақтандыру төлемдері;

8) **Сақтандыру жағдайы** – пайда алушының сақтандыру төлемдері басталған күнге дейін, ал кейіннен әрбір кезекті сақтандыру төлемі күніне дейін өмір сүруі;

9) **Сақтандыру объектісі** – пайда алушының өмір сүру ұзақтығына байланысты пайда алушының мүлдіктік мүдделері;

10) **Төлемдер кезеңі** – оған сәйкес сақтандырушы пайда алушыға сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға міндетті сақтандыру шартында белгіленген кезең;

11) **Актуарлық жол берулер** - бұл Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің талаптарына сәйкес сақтандыру сыйлықақысын есептеу кезінде пайдаланылатын параметрлер.

### 3-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі

4. Сақтандыру шарты жазбаша түрде жасалады.

5. Сақтандырушы тарапынан сақтандыру шартына Басқарма Төрағасы (оны алмастыратын адам) не сенімхатпен осы әрекетті жасауға уәкілетті өзге адам қол қояды. Сақтандырушы тарапынан қол қою құқығы жоқ өзге адамдар қол қойған сақтандыру шарты жарамсыз деп есептеледі.

6. Сақтандыру шарты жасалатын сақтандыру шартының талаптарына байланысты құжаттарды қоса бере отырып, сақтанушы сақтандырушыға берген сақтандыруға өтінішінің негізінде жасалады.

7. Сақтандыру шарты әскери іс-қимылдар жасау жағдайындағы елдерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде де қолданылады.

8. Сақтандыру шарты сақтандыру сыйлықақысы толық көлемде төленген күннен бастап, ал оны бөліп-бөліп төлеген кезде – сақтандыру шартында көзделген мөлшерде толық көлемде бірінші сақтандыру жарнасы төленген күннен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады және тараптар сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

9. Егер сақтандыру сыйлықақысы сақтандыру шартына қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде төленбеген болса және сақтандыру шарты күшіне енбеген болып есептелсе, сақтандырушы сақтандыру шартынан бас тартуға құқылы.



|                                                                                   |                                                                      |                      |                  |
|-----------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------|----------------------|------------------|
|  | "Мемлекеттік аннуитеттік компания" Өмірді сақтандыру компаниясы " АҚ | Күні: «    » 2019 ж. | Басылым: бірінші |
|                                                                                   | Ерікті аннуитеттік сақтандыру ережелері                              | ЕРЕЖЕ МАК 732        | Бет 5 из 8       |

21. Сақтандыру шартында сақтандыру төлемінің мөлшерін қайта есептеу және сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін өзгерту көзделуі мүмкін.

22. Сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру шартының талаптарына сәйкес индекстелуі мүмкін. Бұл ретте индекстеу мөлшері де сақтандыру шартында белгіленеді.

23. Сақтандыру төлемдерін есептеу кезінде, егер олар қолданыстағы заңнамада көзделген болса, бір мезгілде төлем көзінен әлеуметтік төлемдер/ зейнетақы жарналары ұсталады.

## **8-тарау. Сақтанушының, сақтандырушының және пайда алушының құқықтары мен міндеттері**

24. Сақтандырушы:

- сақтанушының сақтандыру шартына сәйкес қабылдаған міндеттемелерін орындауын талап етуге;
- сақтанушыдан сақтандыру шартын жасасу үшін қажетті барлық құжаттарды алуға;
- сақтандыру төлемдерін жүзеге асырған кезде сақтандыру шарты бойынша артық (қате) есептелген сомаларды бұл туралы пайда алушыны хабардар ете отырып ұстап қалуға, не сақтандырушы оларды сот тәртібінде өндіріп алуға құқылы;
- пайда алушыдан оның тірі екендігі туралы дәлелдемелер ұсынуын талап етуге (сұрау салынған күні жеке басын куәландыратын құжаттың нотариат куәландырған көшірмесі, пайда алушының жеке келуі және басқалары) құқылы. Мұндай дәлелдемелерді ұсынбау сақтандырушыға сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды олар ұсынылғанға дейін кейінге қалдыру (тоқтата тұру) құқығын береді;
- уақытылы сақтандыру сыйлықақысын толық көлемде алуға құқылы.

25. Сақтандырушы:

- сақтанушыны осы Қағидалармен таныстыруға;
- пайда алушыға сақтандыру шартында көзделген мөлшерде және тәртіппен ай сайын сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға;
- пайда алушының сұратуы бойынша жылына бір рет өзі жүргізген сақтандыру төлемдері туралы ақпарат беруге;
- сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтанушы және оның мүлiктік жағдайы туралы мәліметтерді жария етпеуге;
- сақтандыру шартына қатысты кез келген хабарламалар, мәлімдемелер, талаптар, хабарлар, түсініктемелерді жазбаша нысанда орындауға және екінші тарапқа тікелей беруге немесе оны жөнелтуді растауға мүмкіндік беретін тәсілмен жіберуге міндетті.

26. Сақтанушы:

|                                                                                   |                                                                      |                      |                  |
|-----------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------|----------------------|------------------|
|  | "Мемлекеттік аннуитеттік компания" Өмірді сақтандыру компаниясы "АҚ" | Күні: «    » 2019 ж. | Басылым: бірінші |
|                                                                                   | Ерікті аннуитеттік сақтандыру ережелері                              | ЕРЕЖЕ МАК 732        | Бет 6 из 8       |

- Сақтандырушының шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін толық орындауын талап етуге;

- жылына бір рет Сақтандырушының Шартқа сәйкес қабылдаған міндеттемелерін орындауы туралы ақпарат сұратуға құқылы.

#### 27. Сақтанушы:

- осы Қағидалармен танысуға;

- сақтандыру сыйлықақыларын осы Қағидаларға және сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде төлеуге;

- сақтандырушы пайда алушыға сақтандыру төлемдерінің артық (қате) төленген сомаларын анықтаған жағдайда сақтандырушыға артық төленген сомаларды алуда Сақтандырушының қайтаруы туралы осындай талап қойылған күннен бастап 5 (бес) банктік күн ішінде қажетті жәрдем көрсетуге;

- қосымша сақтандыру сыйлықақысын, егер мұндай ұлғаю өтініш-сауалнамада жазылған сақтанушының кінәсінен жіберілген бұрмаланған мәліметтердің салдары болып табылған жағдайда, сақтандыру төлемдерінің ұлғайған сомасына пропорционалды түрде енгізуді жүзеге асыруға;

- пайда алушы қайтыс болған жағдайда бұл туралы сақтандырушыға жазбаша нысанда дереу хабарлауға және барлық растайтын құжаттарды ұсынуға;

- сақтандыру шартына қатысты кез келген хабарламалар, мәлімдемелер, талаптар, хабарлар, түсініктемелерді жазбаша нысанда орындауға және екінші тарапқа тікелей беруге немесе оны жөнелтуді растауға мүмкіндік беретін тәсілмен жіберуге міндетті.

#### 28. Пайда алушының:

- сақтандыру шартына сәйкес тиесілі сақтандыру төлемдерін алуға;

- Шарттың талаптарымен танысуға;

- сақтандыру құпиясына;

- үшінші тұлғаға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сенімхат беру арқылы сақтандыру төлемдерін алуға өкілеттік беруге құқығы бар.

#### 29. Пайда алушы:

- екінші деңгейдегі банктегі дербес немесе карточкалық шоттың деректемелері өзгерген жағдайда, бұл туралы жаңа деректемелерді көрсете отырып, өзгерген күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушыны өтініш беру арқылы хабардар етуге міндетті. Пайда алушы аталған факт туралы Сақтандырушыны көрсетілген мерзімде хабардар етпеген жағдайда, соңғысы міндеттемелерді тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады;

- орналасқан жері немесе тұрғылықты жері өзгерген жағдайда он күн мерзімде олардың адресін Сақтандырушыға хабарлауға міндетті. Олай болмаған жағдайда, алдыңғы орналасқан жерінің немесе тұрғылықты жерінің адресі бойынша жіберілген Сақтандырушының кез келген хабарламасы тараптар орындаған (жарамды) болып саналады;









|                                                                                                                                                                                      |                                                                      |                                                      |                  |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------|------------------|
|  <p>МЕМЛЕКЕТТІК<br/>АННУИТЕТТІК КОМПАНИЯ</p><br><br><p>ГОСУДАРСТВЕННАЯ<br/>АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ</p> | "Мемлекеттік аннуитеттік компания" Өмірді сақтандыру компаниясы " АҚ | Күні: «    »                                 2019 ж. | Басылым: бірінші |
|                                                                                                                                                                                      | Ерікті аннуитеттік сақтандыру ережелері                              | ЕРЕЖЕ МАК 732                                        | Бет 9 из 8       |